

Қарағанды 2-ГРЭС-нің мүліктік кешенін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 қазан N 1222

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін, аймақта электр энергиясының тапшылығын, Қарағанды 2-ГРЭС-ін шұғыл түрде жөндеу және қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу қажеттігін ескере отырып, Қарағанды облысы энергетикасының қаржылық және шаруашылық қызметін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қарағанды 2-ГРЭС-і балансында тұрған мүліктік кешенді заңда белгіленген тәртіппен қабылдау-өткізу актісі бойынша өткізсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қарағанды 2-ГРЭС-нің мүліктік кешенін голландық саудаластық ресімдерін қолдана отырып сату жөнінде жабық инвестициялық тендер ұйымдастырып, өткізсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп Қарағанды 2-ГРЭС-нің ішкі және сыртқы міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлерін айқындасын.

4. "Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау

бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 663 қаулысына N 2 қосымшасынан "Қарағанды 2-ГРЭС" объектісі алынып тасталсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Премьер-Министрдің орынбасары Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК